

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Инструкция: Вам предлагаются задания с одним правильным ответом из пяти предложенных. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.

1. «Ер Төстік», «Алтын сақа» - ертегілердің қай түріне жатады
 - A) Жануарлар туралы
 - B) Қиял-ғажайып
 - C) Әдеби
 - D) Тұрмыс-салт
 - E) Шыншыл
2. «О, Ақтан жас, Ақтан жас!» өлеңінің авторы
 - A) Алмажан Азаматқызы
 - B) Шортанбай Қанайұлы
 - C) Дулат Бабатайұлы
 - D) Қашаған Күржіманұлы
 - E) Мұрат Мөңкеұлы
3. Ш.Уәлихановтың еңбегі
 - A) «Қазақ хрестоматиясы»
 - B) «Әдебиет танытқыш»
 - C) «Ыстықкөл күнделігі»
 - D) «Жастарға»
 - E) «Оян, қазақ!»
4. «Еңлік-Кебек» дастанының тақырыбы
 - A) жастарды білімге шақыру
 - B) табиғатты қорғау
 - C) экология мәселесі
 - D) тәрбие мәселесі
 - E) екі жастың бас бостандығы
5. «Қырық мысал» жинағының жарық көрген жылы
 - A) 1911
 - B) 1929
 - C) 1938
 - D) 1920
 - E) 1909
6. Құрмаиш деген кейіпкері бар М.Әуезов әңгімесі
 - A) «Қаралы сұлу»
 - B) «Көксерек»
 - C) «Қилы заман»
 - D) «Қорғансыздың күні»
 - E) «Қараш-қараш оқиғасы»

7. *Тауды көрсең күн көзіне таласқан,
Аспан көрсең, Ай мен Күнге жол ашқан.
Менің байтақ Республикам таулары,
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан...*
Үзінді авторы
А) О.Сүлейменов
В) С.Мәуленов
С) М.Жұмабаев
D) Ф.Оңғарсынова
E) I.Жансүгіров
8. Ұйқас түрі
*Ел қорыған мен едім,
Мен де айырылдым елімнен.
Көл қорыған сен едің,
Сен де айырылдығың еліңнен.*
А) шұбыртпалы ұйқас
В) егіз ұйқас
С) шалыс ұйқас
D) ерікті ұйқас
E) қара өлең ұйқасы
9. С.Бегалиннің шығармасы
А) «Мұзтау»
В) «Бала Шоқан»
С) «Атаукере»
D) «Өліара»
E) «Тортай мінер ақ боз ат»
10. Махамбет өмірінің соңғы сәті суреттелетін Т.Әлімқұловтың шығармасы
А) «Ақбозат»
В) «Көк қаршыға»
С) «Тұлпардың тағдыры»
D) «Заман екпіні»
E) «Қараой»
11. Орхон ескерткіштерін алғаш орыс тіліне аударған ғалым
А) В.Томсен
В) С.Малов
С) В.Радлов
D) С.Аманжолов
E) Н.Ядринцев
12. Баланың тәй-тәй басына байланысты туған өлең-жыр
А) Беташар жыры
В) Тұсаукесу жыры
С) Сыңсу жыры
D) Қоштасу жыры
E) Көңіл айту

13. Асан қайғы шығармасы
- A) «Ай, Абылай, Абылай»
 - B) «Еңсегей бойлы ер Есім»
 - C) «Алаң да алаң, алаң жұрт»
 - D) «Бұл заманда не ғаріп?»
 - E) «Садыр, қайда барасың?»
14. «Зар заман» поэзиясының өкілі
- A) Д.Бабатайұлы
 - B) М.Сұлтанқожаұлы
 - C) М.Өтемісұлы
 - D) Қ.Күржіманұлы
 - E) С.Аронұлы
15. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесінің кейіпкері
- A) Нұрбек
 - B) Сұлтанәлі
 - C) Қожаберген
 - D) Берік
 - E) Естай
16. Мақалдың тақырыбы. *Жан қиналмай жұмыс бітпес.*
- A) білім
 - B) өнер
 - C) еңбек
 - D) ерлік
 - E) табиғат
17. *Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?*
- Үзінді авторы
- A) Жиёмбет жырау
 - B) Үмбетей жырау
 - C) Қазтуған жырау
 - D) Шалкиіз жырау
 - E) Асан қайғы
18. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы оқиға қай ханның тұсында болған?
- A) Шыңғыс хан
 - B) Бөкей хан
 - C) Абылай хан
 - D) Жәңгір хан
 - E) Жошы хан

19. М.Әуезовтің алғашқы әңгімесі

А) «Қорғансыздың күні»

В) «Кім кінәлі»

С) «Жуандық»

Д) «Қаралы сұлу»

Е) «Жетім»

20. Фигура түрі

Толқыннан толқын туады,

Толқынды толқын қуады.

А) анафора

В) антитеза

С) инверсия

Д) эпифора

Е) ассонанс

Инструкция: Вам предлагаются тестовые задания на основе текста с выбором одного правильного ответа из пяти предложенных. Внимательно прочитайте текст и выполните задания. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.

1. Таң алдында бір ғана сағат мызғығаны болмаса, Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді. Бірақ әлі талған жоқ. Әлі де кітап бетіне үңілуде. Әр алуан тілдерде туған бұл кітаптар бүгін осы жерге оқыс келіп, қызық бас қосқан. Абай жақсы ұғынатын – шағатай, түркі кітаптарымен қатар, тілін Абай қиналып түсінетін араб, парсы және олардан көрі де әлі ауырырақ тиетін орыс тіліндегі кітаптар.

2. Абайдың жайшылықтағы оқуынан бүгінгі оқуының мақсаты да басқа. Кітаптан алатын білім нұсқаның бүгін тіршіліктің қолма-қол керегі үшін асығыс қажет болған бір шағы еді. Абай соңғы күндерде өзіне бұрын дағдылы болмаған бір халде. Ол бір ескі "ғалымдар" ма, "рауаилар" ма, солардай бір күйде отыр.

3. Парсы, түркі кітаптары бұны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді. Самарқанның мазар ғимараттарына қадалтады. Мәру, Мешһедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын, самал хауыздарына үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Ғырат, Ғазна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады. Орта Азия, Иран, Араб жер-суы, шөл-құмы, қала-сауда тірлігін айқын тани түскендей болады. Абайды бүгін өзіне үңілдірген – жаңағы елдер мен уәлаяттардың көрінісі.

4. Оқи отырып, кей жайларды анық айқын етіп хатқа жазып келеді. Керуен көшетін сауда жолдары, үлкен базарлар, атақты қалалар, су жолдары – барлығы да бүгін айрықша керек болған.

5. Бұл кітаптардан алған хабардың бәрі қазір аттанатын жолаушы үшін керек. Абай оқи отырып, кей кездерде, бала шақтан көп естіген сонау алыс мұнар ішіндегі шаһар, уәлаяттарға беттеп, "осы сапарға өзім жүрер ме едім" деп, қызығып та қояды. Көрмек, білмекке қызығады.

6. Ашық терезеден оқыс соққан салқын жел келді. Үлкен, жеңіл ақ пердені жел үйірді. Шалқыта толқытып кеп, жақын тұрған биік үстелдің үстіндегі кітаптарға төндірді. Перде біресе ойнаған баладай боп, Абай оқып отырған кітап бетін жасыра бүркеп қалады, біресе желпи қағып, кітаптың жазуларын сыпырып ұшыруға тырысқандай болады.

7. Абай жаңа байқады, артындағы үлкен есік кең ашылып, ар жағында келе жатқан бір сый адамды күткендей екен.

8. Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, кісі кіргені осы еді. Абай бұрылып қарай бере, келе жатқандардың кім екенін білді. Жай басып, ауыр тыныс алып, демігіп келе жатқан өзінің шешесі. Бұл күнде денесі ауырлап, жүріс қозғалысы үлкен қиындыққа айналған Ұлжан есіктен кеп көрінгенде, оның екі жағынан екі әйел қолтықтап, сүйеп келеді екен. Абай орнынан шапшаң тұрып шешесіне көрпе салды. Түсі Абайға ұқсаған, сәнмен киінген ақсұр сұлу келіншек жастықтар әкеп қойды. Барлық тұлғасы Құнанбай тектес

бұл жас әйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы – Мәкіш. Екінші әйел – Ұлжанның ауылдан ере жүрген жолдасы – Қалиқа. Ол бәйбішенің алдына жалтыраған жез шылапшын мен қашқардың әсем, сопақ құманын әкеп, су құйды. Мәкіш кең бөлменің ортасындағы топсалы үстелді қайырып жазды да, ашық есікке қарай дыбыс беріп:

– Ал, әкел, жасай бер! – деді.

9. Үйге Мәкіштің өзі құрбылас ақ қызыл жүзді, сұңғақ бойлы келіншек кірді. Оқа жақ салған, **қара мақпал** кемзалы бар, самай шашы **сары майдай** жылтырап таралған, келісті келіншек дастарқан жайып, қонақтарға арналған таңертеңгі асты жасауға кірісті.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді

21. Троптың түрі. *Салқын хауыз*

- A) Теңеу
- B) Метафора
- C) Синекдоха
- D) Эпитет
- E) Метонимия

22. Мәтінде көрініс тапқан Абайдың ерекше қыры

- A) Данышандық
- B) Кітапқұмарлық
- C) Көрегендік
- D) Қамқорлық
- E) Күрескерлік

23. Мәтін үзіндісіне сай келетін тақырып

- A) Оқылмаған кітаптар
- B) Бейтаныс қонақтар
- C) Үлкен кітапханада
- D) Абайдың ақындығы
- E) Білімге құштарлық

24. Қарамен берілген тіркестердегі троп түрі

- A) Эпитет, теңеу
- B) Метонимия, метафора
- C) Гипербола, литота
- D) Синекдоха, теңеу
- E) Синекдоха, метафора

25. Кейіптеу тәсілі қолданылған сөйлемдері бар азатжол

- A) 2
- B) 5
- C) 6
- D) 4
- E) 1

Инструкция: Вам предлагаются задания, в которых могут быть один или несколько правильных ответов. Выбранный ответ необходимо отметить на листе ответов путем полного закрашивания соответствующего кружка.

В тестовых заданиях с выбором одного или нескольких правильных ответов количество правильных ответов может быть не более трех.

26. Тұрмыс-салт жырларының түр(-лер)і

- A) Бата-тілек
- B) Аңыздар
- C) Ертегілер
- D) Жұмбақтар
- E) Тойбастар
- F) Айтыстар
- G) Мақал-мәтелдер
- H) Беташар

27. Асан қайғының жыр(-лар)ы

- A) «Бір насихат айтайын»
- B) «Ей, Абылай, Абылай»
- C) «Бұл заманда не ғаріп»
- D) «Бірінші тілек тілеңіз»
- E) «Шағырмақ бұлт жай тастар»
- F) «Жауға шаптым ту байлап»
- G) «Еділ бол да, Жайық бол»
- H) «Қызғыш құс»

28. Абайдың поэмасы (поэмалары)

- A) «Көкшетау»
- B) «Ескендір»
- C) «Әзім әңгімесі»
- D) «Масғұт»
- E) «Құлагер»
- F) «Сарыарқа»
- G) «Еспембет»
- H) «Күйші»

29. М. Дулатовтың өлеңдер жинағы

- A) «Азаматтар»
- B) «Қиял»
- C) «Алашқа»
- D) «Оян, қазақ»
- E) «Таза бұлақ»
- F) «Шәкірт»
- G) «Елім-ай»
- H) «Бақытсыз Жамал»

30. I. Жансүгіровтің Ақан сері өмірін суреттеген шығармасы (шығармалары)
- A) «Күй»
 - B) «Исатай-Махамбет»
 - C) «Күйші»
 - D) «Кек»
 - E) «Түркісіб»
 - F) «Гималай»
 - G) «Құлагер»
 - H) «Жолдастар»
31. «Қаңбақ шал» ертегісінің кейіпкер(-лер)і
- A) Дәу
 - B) Қойшы
 - C) Қасқыр
 - D) Шал
 - E) Мыстан
 - F) Түлкі
 - G) Аю
 - H) Жаман
32. С. Сейфуллинге қатысты нұсқа(-лар)
- A) Зар заман ақыны
 - B) Шын аты – Сәдуақас
 - C) Жыраулық поэзияның өкілі
 - D) XIX ғ. әдебиетінің өкілі
 - E) Феодалдық әдебиеттің көрнекті өкілі
 - F) Бұрынғы Ақмола, қазіргі Қарағанды облысында туған
 - G) Шебер сатирик
 - H) Әкесі саятшы, домбырашы болған
33. М.Мақатаев поэмасы (поэмалары)
- A) «Қара өлең»
 - B) «Досыма хат»
 - C) «Үш бақытым»
 - D) «Қазақ жері»
 - E) «Райымбек, Райымбек»
 - F) «Музаға»
 - G) «Алтай-Атырау»
 - H) «Қарасаз»
34. С. Торайғыровтың оқу-білім тақырыбындағы өлең(-дер)і
- A) «Шәкірт ойы»
 - B) «Оқып жүрген жастарға»
 - C) «Жарлау»
 - D) «Оқудағы мақсат не?»
 - E) «Ендігі беталыс»
 - F) «Тұрмысқа»
 - G) «Бір адамға»
 - H) «Қазақ жерлері»

35. С.Сейфуллиннің символикалық шығармалары

- А) «Маржан»
- В) «Аққудың айырылуы»
- С) «Ақша қар»
- Д) «Азат әйел»
- Е) «Далада»
- Ғ) «Сыр сандық»
- Г) «Ақсақ киік»
- Н) «Рәзия қыз»

ТЕСТ ПО КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ЗАВЕРШЕН